«Сома (мың тг)» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңғы мың теңге өлшемінде қаржымен қамсыздандыру сомасы көрсетіледі.

«Мәртебесі» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда қаржымен қамсыздандыру мәртебесі көрсетіледі (Қолжетімді, Қолданылды).

«Сауда жүйесіне берілген минималды ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) алаңы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңға тг/кВт*сағ өлшемімен ҚҚС-сыз сауда жүйесіне берілген минималды ұсынылатын аукциондық баға толтырылады, сауда-саттық өткізу барысында және тек азаю жағына қарай өзгереді.

***Ескерту:** Аукциондық сауда-саттықты өткізу кезіндегі сауда сессиясы уәкілетті орган бекіткен Графикке сәйкес жүргізіледі және 3 (үш) сағатқа Астана уақытымен сағат 14:00-ден 17:00-ге дейін созылады.*

Сауда-саттық қатысушыларынан өтінімдерді қабылдау сауда сессиясы ашылған кезеңнен бастап жүзеге асырылады.

Сауда сессиясына қол жетімділікке, тек қана Шартқа сәйкес осы сауда сессиясына қатысатын қатысушылар ғана ие.

Сауда сессиясының барысында қатысушылар үшін мына ақпараттар ашық болады:

1. уәкілетті орган бекіткен Графикте көрсетілген аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын жалпы ақпарат:

- БЭЖ аймағы;

- ЖЭК типі;

- жобалардың көлемі;

- сатып алынатын қуат көлемі (МВт);

*- шекті аукциондық баға, (тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)).*

2. қатысушының барлық (өтінім бағасы, өтінімді беру уақыты) параметрлерін қамти отырып, берген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімі;

3. сатуға аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берген өтінімдердегі көрсетілген ең төменгі баға (басқа қатысушылардың белгіленген қуат көлемдері көрсетілмейді).

б) **«Өтінімді беру үшін жобаны таңдау»** батырмасын басқан кезде Жүйе өтінімді беру интерфейсін ұсынады (19 сурет).

ҚАРЖЫМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Банк кепілдігі

25000 мың. теңгедегі Банк кепілдігі 12.5 МВт үшін

РЕЗЕРВТЕЛГЕН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бар Жоқ

ЖЕЛІЛІК ҚОСЫЛЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Бар Жоқ

Жобаның құрылымдық қуат көлемі, МВт

Жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі, МВт

Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС қоспағанда)

Сервердегі уақыт: **17:59:23**

Сату жүйесіне берілген өтінімнің минималды бағасы, тг/кВт*сағ (ҚҚС қоспағанда):

ЖАБУ **ӨТІНІМДІ БЕРУ**

19 сурет. «Өтінімді беру» интерфейсі

«Өтінімді беру» интерфейсі келесі элементтерден тұрады:

1. **«Қаржымен қамсыздандыру»** алаңы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Төмен түсетін тізімнен мәнді таңдау арқылы аукциондық сауда-саттыққа қатысу үшін қатысушы ұсынған қаржымен қамсыздандыру түрі енгізіледі (Банк кепілдігі, Аккредитив).

Сауда-саттыққа қатысушы әрбір өтінім үшін бір қаржымен қамсыздандыру түрін таңдай алады.

2. **«Жер телімі»** алаңы. Формат – чекбокс. Редакциялауға қолжетімді. Алаңда «Бар» немес «Жоқ» жалаушасын орнату арқылы жер телімінің болуы көрсетіледі.

Егер сауда-саттық қатысушысында аукциондық сауда-саттық өткізу сәтіне дейін ЖЭЖ пайдалану бойынша нысан құрылысына арналған жер телімі болса, онда **«Бар»** алаңына жалауша қою керек.

Егер сауда-саттық қатысушысында аукциондық сауда-саттық өткізу сәтіне дейін ЖЭЖ пайдалану бойынша нысан құрылысына арналған жер телімі болмаса, онда **«Жоқ»** алаңына жалауша қою керек (19 сурт). Кестеде келесі ақпаратпен жер телімдерінің тізімі пайда болады:

- **«Облыс»** бағанасы Қазақстан Республикасы облысының атауы бойынша ақпараттан тұрады;
- **«Аудан»** бағанасы жер телімінің орналасқан ауданы бойынша ақпараттан тұрады;
- **«Елді-мекен»** бағанасы жер телімі орналасқан елді-мекен бойынша ақпараттан тұрады;

- «**Жер көлемі, Га**» бағанасы гектар өлшеммен жер ауданы туралы ақпараттан тұрады;
- «**Жер санаты**» бағанасы жердің орналасқан жері туралы ақпараттан тұрады (жер телімі координаталары, жердің тағайындалуы).

РЕЗЕРВТЕЛГЕН ЖЕР ТЕЛІМДЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ				
		<input type="radio"/> Бар <input checked="" type="radio"/> Жоқ		
Облыс	Аудан	Елді мекен	Жер көлемі, Га	Жер санаты
<input checked="" type="radio"/> Ақмола облысы	Сандықтау ауданы	Петровка ауылы	30	Елді мекендердің жерлері 52°29'33.8504990"N,68°43'34.1919956"E 52°29'33.2327320"N,68°43'05.9991677"E 52°29'51.4454572"N,68°43'05.1673048"E 52°29'52.0009629"N,68°43'33.8351262"E

19 сурет. «Өтінімді беру» интерфейсі. Жер телімі бойынша мәліметтерді енгізу

Жер телімін тізімнен таңдау үшін таңдалған жер телімі алдына жалауша қою керек.

3. «**Желілік қосылым параметрлері**» алаңы. Формат – чекбокс. Редакциялауға қолжетімді. «Бар» немесе «Жоқ» жалаушаларын орнату арқылы электр желілеріне қосылу параметрлері көрсетіледі.

Егер сауда-саттыққа қатысушының аукциондық сауда-саттықты өткізуге дейін электр желісіне қосылу нүктесі болса, онда «**Бар**» алаңына жалауша қою керек.

Егер сауда-саттыққа қатысушының аукциондық сауда-саттықты өткізуге дейін электр желісіне қосылу нүктесі болмаса, онда «**Жоқ**» алаңына жалауша қою керек (20 сурет). Кестеде келесі мәліметтермен қосу нүктелерінің тізімі пайда болады:

- «**Электр желілік ұйым**» бағанасы электр желілік ұйымның атауы туралы ақпараттан тұрады;
- «**Облыс**» бағанасы Қазақстан Республикасы облысының атауы бойынша ақпараттан тұрады;
- «**Аудан**» бағанасы қосылу нүктесінің орналасқан ауданы бойынша ақпараттан тұрады;
- «**ЭЖЖ**» бағанасы қосылым нүктесінің ЭЖЖ атауы бойынша ақпараттан тұрады;
- «**Қосалқы станция атауы мен координаталары**» бағанасы қосалқы станция атауы мен координаталары бойынша ақпараттан тұрады;
- «**Қосалқы станцияның шиналары**» бағанасы қосылу нүктесінің кернеуі туралы ақпараттан тұрады (параметр кВ көрсетіледі);
- «**Қосылу қуаты бойынша шектеу (Максималды рұқсат етілген құрылымдық қуат көлемі), МВт**» бағанасы қосылатын қуат бойынша шектеу шамасы бойынша ақпараттан тұрады (параметр кВт көрсетіледі);
- «**Жаңа қосылулар саны бойынша шектеу**» бағанасы жаңа қосылулар саны бойынша шектеу шамасы бойынша ақпараттан тұрады.

ЖЕЛІЛІК ҚОСЫЛЫМ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Бар
 Жоқ

	Электр желілік ұйым	Облыс	Аудан	ЭЖК	Қосалқы станцияның атауы координаттары	Қосалқы станцияның шиналары	Әрбір қосылу бойынша қосылу қуаты бойынша шектеу, МВт	Жаңа қосылулар саны бойынша шектеу
<input checked="" type="radio"/>	«Межрегионэнерготранзит» ЖШС	Костанай облысы	Мендықарин ауданы	ӘЖ 110кВ	ҚС110/35/10 «Ақсуат» (53.904842, 64.717499)	35 кВ	56	-

20 сурет. Интерфейс «Өтінімді беру» интерфейсі. Желілік қосылым параметрлері бойынша мәліметтерді енгізу

Қосылу нүктесін тізімнен таңдау үшін таңдалған қосылу нүктесі алдына жалауша қою керек.


4. **«Жобаның құрылымдық қуат көлемі, МВт»** алаңы. Формат – ондық сан. Редакциялауға қолжетімді. Алаңға 100 кВт-тан кем емес, 1 (бір) киловатт көп және мегаватттарда (МВт) көрсетілген жобаның қондырылған қуат көлемі толтырылады. Сандық мәні бөлу белгісінен кейінгі үш цифрмен өрнектелуі мүмкін.

Назар аударыңыз: Жобаның құрылымдық қуат көлемі сатып алынатын қуаттың ұсынылған көлеміне (сауда-саттық) тең немесе аз болу керек.

Назар аударыңыз: Жобаның құрылымдық қуат көлемі 1 кВт-қа өтінім құнынан өтінімнің қаржымен қамсыздандыру сомасына сәйкес келу керек.

Назар аударыңыз: Жобаның құрылымдық қуат көлемі қосу қуаты шамасынан аспау керек.

5. **«Жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі, МВт»** алаңы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді. Алаңға 100 кВт-тан кем емес, 1 (бір) киловатт көп және мегаватттарда (МВт) көрсетілген және бөлу белгісінен кейінгі 3 артық емес цифрлы санды жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі толтырылады. Жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі – одан төмен қуатта қатысушы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа нысан құрылысы үшін жобаны техникалық себептерге байланысты жүзеге асыруға дайын болайтын қуат көлемі (21 сурет).




21 сурет. Жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі дұрыс енгізілмегені туралы диалогтық терезе

6. **«Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)»** алаңы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді. Алаңға ҚҚС-сыз Электр энергиясының бір киловатт-сағаты үшін ҚҚС-сыз Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы (теңге) бөлу белгісінен кейінгі белгілеу цифрларының саны екеуден аспайтын бағасы толтырылады.

Назар аударыңыз: Ұсынылатын баға шекті аукциондық бағадан аспау керек.

Назар аударыңыз: Ұсынылатын баға Сауда жүйесіне берілген минималды ұсынылатын бағаға ұқсат болмау керек.

Назар аударыңыз: Ұсынылатын баға басқа сауда-саттық қатысушыларының ұсынылатын бағасына ұқсас немесе бұрын берілген ұсынылатын бағасына тең болмау керек (22 сурет).




22 сурет. Ұсынылатын бағаны дұрыс енгізбеу туралы диалогтық терезе

7. «Сауда жүйесіне берілген минималды ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз) алаңы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңға тг/кВт*сағ өлшемімен ҚҚС-сыз сауда жүйесіне берілген минималды ұсынылатын аукциондық баға толтырылады.

8. «Жабу» батырмасы. Формат – өтінімді беру терезесін жауып, негізгі сауда-саттық парақшасына қайтып келуге арналған құрал.

9. «Өтінімді беру» батырмасы. Формат – Өтінімді беруде және барлық алаңдарды табысты толтырған кезде толтырылған мәліметтерді сақтауға арналған құрал.

7) «Өтінімді беру» (19 сурет) батырмасын басқан соң, Өтінімді дұрыс толтыруды растайтын диалогтық терезе (23 сурет) ашылады.



23 сурет. Өтінімді беруді растау туралы диалогтық терезе

Егер сіз «Жоқ» батырмасын бассаңыз, онда өзгерістер енгізу үшін өтінімді беру терезесіне қайтып келесіз.

Егер «Иә» батырмасын бассаңыз, онда өтінім СЖ мәліметтер базасына енгізіліп, оны пайда болған терезе растайды (24 сурет):




Сіздің өтініміңіз №1/2 сәтті жіберілді!

OK

24 сурет. Өтінімді табысты беру туралы диалогтық терезе

8) Ары қарай «OK» батырмасын басу керек, сонда сауда-саттықтың негізгі парақшасына ауысу болады (25 сурет).

Өтінім нөмірі мен өтінімді беру уақыты өтінімді табысты берген соң автоматты түрде белгіленеді (25 сурет).




25. сурет «Аукциондық сауда-саттық бөлімі. Өтінім бергеннен кейінгі интерфейс

9) «Менің өтінімдерім» кестесінде қатысушының өтінім мәліметтері көрсетіледі. Өтінім мәртебесі «Қабылданды» болып өзгереді (25 сурет).

Ескерту: Сауда-саттыққа қатысушы бұрын берген өтінісді өзгерте алады, жаңа өтінім бере алады, бірақ бұрын берген өтінімдерін жоя алмайды.


«Қаржымен қамсыздандыру» кестесінде қаржымен қамсыздандыру мәртебесі «Қолданылды» болып өзгереді (25 сурет).

10) Бұрын берген өтінімді өзгерту үшін өтінім нөмірі алдындағы  батырмасын басу керек, содан кейін өзгеріс енгізу үшін бұрын толтырылған өтінімді беру терезесі ашылады.

Бұрын берген өтінімді жанарту кезінде сауда-саттыққа қатысушы өтінім бағасын тек азайту жағына қарай өзгерте алады. Қалған аландарды өзгерте алмайды.

3.5 Мұрағат

1) «Мұрағат» бөліміне ауысыңыз. Жүйе «Сауда –саттықты тандаңыз» алаңымен бірге «Өткізілген сауда-саттық мұрағатын көрсетеді. Қажетті күнге сауда-саттықты таңдаған соң «Көрсету» батырмасын басыңыз (26 сурет):



26 сурет. «Мұрағат» Бөлімі

2) Жүйе өткізілген сауда-саттық туралы толық ақпараты, берілген өтінімдер мен таңдалған сауда-саттықта қатысушылармен жасасқан мәмілелер туралы ақпары бар интерфейсін көрсетеді (27 сурет).

ӨТКІЗІЛГЕН САУДА-САТТЫҚ МҰРАҒАТЫ

Сауда-саттық таңдаңыз: 2018-05-18/КЭС/Солтүстік аймақ/Шағын 0.1-ден 10 МВт дейін **KÖRSETU**

Сауда-саттық туралы ақпарат: 2018-05-18/КЭС/Солтүстік аймақ/Шағын 0.1-ден 10 МВт дейін

ЖЭК ЖОБАЛАРЫН ТАҢДАУ БОЙЫНША АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚТАРЫ		ЖАРИЯЛАНҒАН КӨЛЕМДЕР МЕН БАҒАЛАР	
БЭЖ аймағы:	Солтүстік аймақ	Жалпы көлемі, МВт	31.000
ЖЭК түрі:	КЭС	Максималды көлем, МВт	10.000
Жобалардың көлемі:	Шағын 0.1-ден 10 МВт дейін	Минималды көлем, МВт	5.000
Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт	10	Минималды баға, тг/кВт*сағ	26.90
Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз):	30	Максималды баға, тг/кВт*сағ	30.00

МЕНИҢ ӨТІНІМДЕРІМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Өтінім нөмірі	Өтінімді беру уақыты	Жобаның құрылымдық қуаттың көлемі, МВт	Жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі, МВт	Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС қоспағанда)
Нәтиже табылған жоқ.				

САУДА-САТТЫҚ ЖЕҢІМПАЗДАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

#	Мәміле нөмірі	Жеңімпаз	Жобаның құрылымдық қуаттың көлемі, МВт	Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС қоспағанда)
1	SS-001-180518	ТОО БББ	10	26.90

27 сурет. «Сауда-саттық туралы ақпарат» интерфейсін

«Сауда-саттық туралы ақпарат» интерфейсі келесі элементтерден тұрады (27 сурет):

«**ЖЭК жобаларын тандау бойынша аукциондық сауда-саттық**» ақпараттық панелі аукциондық сауда-саттықты өткізу графигіне сәйкес сауда-саттық туралы жалпы ақпараттан тұрады (БЭЖ аймағы, ЖЭК түрі, Жобалардың көлемі, Сатып алынатын орнатылған қуат көлемі, МВт, Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)).

«**Жарияланған көлемдер мен бағалар**» ақпараттық панелі барлық сатушылардың СЖ-не берілген өтінімдер туралы жалпы ақпараттан тұрады (Қосынды көлемі, МВт, Максималды көлемі, МВт, Минимады көлемі, МВт, Минималды бағасы, тг/кВт*сағ, Максималды бағасы, тг/кВт*сағ).

«**Менің өтінімдерім туралы ақпарат**» кестесі сауда-саттық қатысушысынан сатуға СЖ-не берілген барлық өтінімдері туралы ақпараттан тұрады:

«**Өтінім нөмірі**» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда берілген өтінімдер көрсетіледі.

«**Өтінімді беру уақыты**» бағанасы. Формат – уақыт. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда өтінімді беру уақыты көрсетіледі.

«**Жобаның құрылымдық қуатының көлемі, МВт**» бағанасы. Формат - сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда жобаның құрылымдық қуатының көлемі МВт өлшемінде көрсетіледі.

«**Жобаның белгіленген қуаттылығының минималды көлемі, МВт**» бағанасы. Формат - сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда МВт өлшемімен жобаның белгіленген қуаттылығының инималды көлемі көрсетіледі.

«**Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*ч (ҚҚС-сыз)**» бағанасы. Формат – сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда тг/кВт*сағ өлшемімен ҚҚС-сыз ұсынылатын аукциондық баға көрсетіледі.

«**Сауда саттық жеңімпаздарының тізімі**» кестемі сауда сессиясы жабылғаннан кейін аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары туралы ақпараттан тұрады:

«**Мәміле нөмірі**» бағанасы. Формат - сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда мәміле нөмірі көрсетіледі.

«**Жеңімпаз**» бағанасы. Формат-мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда сауда-саттық жеңімпаздарының аты-жөні көрсетіледі.

«**Жобаның құрылымдық қуатының көлемі, МВт**» бағанасы. Формат - сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда МВт өлшемімен жобаның белгіленген қуаттылығының инималды көлемі көрсетіледі.

«**Ұсынылатын аукциондық баға, тг/кВт*сағ (ҚҚС-сыз)**» бағанасы. Формат - сан. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда тг/кВт*сағ өлшемімен ҚҚС-сыз ұсынылатын аукциондық баға көрсетіледі.

3.6 Оқиғалар журналы

1) «Оқиғалар журналы» бөліміне ауысыңыз. Жүйе сауда-саттық қатысушыларының барлық әрекеттеріне және сауда-саттық қорытындылары бойынша хабарламаларға қатысты ақпаратты қарау үшін интерфейсін ұсынады (28 сурет):

ЖЭК жобаларын таңдау бойынша аукциондық сауда-саттықтары

daulet@tamur.kz
PPP LLP

ТИРКЕЛУ МӘЛІМЕТТЕР САУДА-САТТЫҚ МҮРАФАТ **ОҚИҒАЛАР ЖУРНАЛЫ** ШЫҒУ

Оқиғалар журналы

10 жазбадан 1-10 аралығы көрсетілген.

n/n	IP-адресі	Әрекет	Күні	Уақыт
1	Daulet 212.76.31.194	Добавлен новый оператор Paul Ling (paul.ling@gmail.com)	18.05.2018	18:35:59
2	Daulet 212.76.31.194	The information is sent to the auction operator for review	18.05.2018	17:27:46
3	Daulet 212.76.31.194	Data changing in the "Organization information" section	18.05.2018	17:25:58
4	Daulet 212.76.31.194	New document is uploaded	18.05.2018	17:25:58
5	Daulet 212.76.31.194	New document is uploaded	18.05.2018	17:25:58
6	Daulet 212.76.31.194	New document is uploaded	18.05.2018	17:25:58
7	Daulet 212.76.31.194	New document is uploaded	18.05.2018	17:24:16
8	Daulet 212.76.31.194	New document is uploaded	18.05.2018	17:24:16
9	Daulet 212.76.31.194	New document is uploaded	18.05.2018	17:24:16
10	Daulet 212.76.31.194	Registration in the system	18.05.2018	17:15:54

28 сурет. «Оқиғалар журналы» бөлімі

Интерфейс келесі элементтері бар «Оқиғалар журналы» кестесінен тұрады:

«**Пайдаланушы**» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда пайдаланушы аты көрсетіледі.

«**IP-адресі**» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда пайдаланушының IP-адресі көрсетіледі.

«**Әрекет**» бағанасы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда пайдаланушы жүргізген оқиға сипаттамасы көрсетіледі.

«**Күні**» бағанасы. Формат – күн. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда оқиға күні көрсетіледі.

«**Уақыт**» бағанасы. Формат – уақыт. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңда оқиға уақыты көрсетіледі.

3.7 Пайдаланушы профилі

1) Пайдаланушы атына (пайдаланушының E-mail) тінтуірді алып келіп, «Менің профилім» сілтемесін басыңыз. Жүйе пайдаланушы профилі бойынша мәліметтерді қарау және редакциялау үшін интерфейс ұсынады (29 с**Ошибка!** **Источник ссылки не найден.**).

The screenshot shows the 'Менің профилім' (My Profile) page. At the top, there is a navigation bar with links: 'ТІРКЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ', 'АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚ', 'МҰРАҒАТ', 'ОҚИҒАЛАР ЖУРНАЛЫ', and 'ШЫҒУ'. The main content area is titled 'Менің профилім' and contains the following fields:

- Аты-жөні * (Name): Мадина Валиханқызы
- E-mail: madina_9@mail.ru
- Ағымдағы құпиясөз (Current password): [Empty field]
- Жаңа құпиясөз (New password): [Empty field]

A blue button labeled 'МӘЛІМЕТТЕРДІ САҚТАУ' (Save) is located below the password fields. A red arrow points to the user's email address 'madina_9@mail.ru' in the top right corner of the page.

Сурет 29. Интерфейс «Мой профиль»

2) Мәліметтерді редакциялағаннан кейін «Мәліметтерді сақтау батырмасын басыңыз (29 сурет). Жүйе сіздің енгізген өзгерістеріңізді сақтайды.

«Менің профилім» интерфейсі келесі элементтерден тұрады:

«Аты-жөні» алаңы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Алаңға пайдаланушының аты-жөні толтырылады

«E-mail» алаңы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді емес. Алаңға пайдаланушының электрондық пошта мекен-жайы көрсетіледі.

«Ағымдағы құпиясөз» алаңы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Алаңға пайдаланушының ағымдағы құпиясөзі толтырылады.

«Жаңа құпиясөз» алаңы. Формат – мәтін. Редакциялауға қолжетімді. Алаңға пайдаланушының жаңа құпиясөзі толтырылады.

«Мәліметтерді сақтау» алаңы. Формат – енгізілген мәліметтерді сақтауға арналған құрал.

3) Жүйеден шығу үшін пайдаланушының атына (пайдаланушының e-mail) тінтуірді алып келіп, «Жүйеден шығу» сілтемесіне басыңыз. Не болмаса «Шығу» бөліміне басыңыз (29сурет). Жүйе сізді автоматты түрде СЖ бастапқы парақшасына аударады.

The screenshot shows the top navigation bar of the KOREM website. The navigation links are: 'ТІРКЕУ МӘЛІМЕТТЕРІ', 'АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚ', 'МҰРАҒАТ', 'ОҚИҒАЛАР ЖУРНАЛЫ', and 'ШЫҒУ'. The 'ШЫҒУ' button is highlighted with a red box. A red arrow points to the user's email address 'madina_9@mail.ru' in the top right corner of the page.

4 Авариялық жағдайлар

«КОРЭМ» АҚ СЖ жұмыс істеу кезінде қателер туындаған жағдайда техникалық қолдау қызметкерлеріне хабарласу керек (Сауда-саттық операторларының Call-center).

Техникалық қолдау қызметкерлерімен хабарласу үшін «Тех.қолдау» парақшасының жоғарғы жағындағы, сауда-саттық операторларының телефондары мен электрондық пошта мекен-жайлары көрсетілген сілтемені басу керек.

Бұл жағдайда мәселе туралы мүмкіндігінше толық ақпаратты, мәселе туындағанға дейін қандай әрекеттер орындалғанын, қандай хабарламалар көрсетілгенін беру керек. Сонымен қатар электрондық поштаға туындаған қатенің суретімен скриншот жіберу керек.

Туындалуы мүмкін қателердің тізімі 1 қосымшада келтірілген.

1. Аукциондық сауда-саттықты өткізу келесі жағдайлар туындаса, 30 минутқа дейін кезеңге тоқтатылуы мүмкін:

2) Серверлік жабдықтардың техникалық бұзылуы немесе сауда жүйесінің жұмыс істеу қабілетінің жоғалуына алып келген электрондық жүйесіндегі кідірістер.

3) сауда жүйесінің жұмыс істеу қабілетінің жоғалуына алып келген жабдықтың немесе Интернет желісінің байланыс арналарындағы техникалық бұзылу.

2. Аукциондық сауда-саттықты өткізу уақытша тоқтатылған жағдайда Ұйымдастырушы Сізге қолжетімді техникалық байланыс құралдары арқылы аукциондық сауда-саттық өткізу процесі қалпына келтірілетін уақытты көрсетіп, сауда-саттықтың тоқтатылу себебі туралы жедел хабарлайды.

Аукциондық сауда-саттықты өткізу тоқтатылған жағдайда «Ашық» мәртебесі бар сауда сессиясы «Тоқтатылған» мәртебесіне ауысады. «Менің өтінімдерім» терезесінде барлық қатысушылар үшін «Сауда-саттық техникалық себептерге байланысты тоқтатылды» ақпараттық хабарлама пайда болады. Аукциондық сауда-саттықты өткізуді тоқтата тұрудың уақытын есептеу таймері іске қосылады.

3. Аукциондық сауда-саттық төмендегі жағдайлар орын алғанда өткізілмеуі мүмкін:

- техникалық ақауларды жою үшін 30 минуттан артық уақыт қажет;
- сауда залы мен (немесе) сауда жүйесінің серверлік жабдықтарын электрмен камтудағы ұзағырақ (екі сағаттан артық) үзіліс;
- мемлекеттік билік органдары мен басқарма тарапынан аукциондық сауда-саттық өткізуге тыйым салу;
- сауда жүйесінің жұмыс істемеуіне немесе сауда өткізу мүмкін еместігіне әкеліп соқтыратын басқа стандартты емес жағдайлар.

4. Аукциондық сауда-саттықты өткізбей тастаған жағдайда қайталама аукциондық сауда-саттық келесі жұмыс күніне ауыстырылып, аукциондық сауда-саттық өткізілмеген уақыттан кейін Астана уақытымен сағат 9.00-ден бастап 12.00-ге дейін өткізіледі. Сонымен бірге, қатысушылар ұсынған өтінімдер күшін жойып, аукциондық сауда-саттық ауыстырылған күнге қайтадан беріледі.

5 Меңгеру бойынша ұсыныстар

Жүйені жалпы түсіну үшін аукциондық сауда-саттықты өткізу құжаттарымен, сонымен қатар жаңартылатын энергия көздері жобаларын сипаттайтын құжаттармен танысуға ұсынылады.

6 Аббревиатуралар мен қысқартулар

АҚ	Акционерлік қоғам
БСК	Банктік сәйкестендіру коды
БСН	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі
БиоЭС	Биоэлектростанция
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	Жел электростанциясы
ГЭС	Гидроэлектростанция
БЭЖ	Бірыңғай энергетикалық жүйе
ЭЖЖ	Электр желілік желі
ҚҚС	Қосылған құнға салық
ДК	Дербес компьютер
ҚР	Қазақстан Республикасы
КЭС	Күн электр станциясы
С	Сауда жүйесі
«КОРЭМ» АҚ СЖ	«КОРЭМ» АҚ жаңартылатын энергия көздері жобаларын тандау бойынша аукциондық сауда-саттықты өткізу» жүйесі
ТАӨ	Тегі, аты, әкесінің аты
ФЛБ	Форматтық-логикалық бақылау

Жүйенің хабарламалары

Қосалқы жүйенің жұмыс істеуі кезінде кестеде келтірілген хабарламалар көрсетіледі:

Қате	Қатенің сипаттамасы	Орындау қажет әрекеттер
Сервер табылмаған. Парақшаны көрсету мүмкін емес	Желімен немесе жүйеге кірумен мәселелер болуы мүмкін	Брайзерді қайта жүктеңіз. Егер көмектеспесе, тех.қолдау бөліміне хабарласыңыз
«Логин» толтыру керек	Жүйеге тіркелу кезінде пайдаланушының аты енгізілмеген	Пайдаланушының атын енгізіңіз
«Күпиясөзді» толтыру керек	Жүйеге тіркелу кезінде күпиясөз енгізілмеген	Күпиясөзді енгізіңіз
Дұрыс емес логин немесе күпиясөз	Пайдаланушы аты немесе күпиясөз дұрыс енгізілмеген немесе бұндай есепке алу жазбасы тіркелмеген	Пайдаланушы аты мен күпиясөзді енгізуді қайталаңыз. Егер есепке алу жазбасы бұғатталған болса, тех.қолдау қызметіне хабарласыңыз.
Алаңдарды <> толтыру керек	<> алаңдары толтырылмаған	Барлық міндетті алаңдарды толтырыңыз (қызыл түспен белгіленген)
Жұмыс станциясында электр көзінің кідіруі	Жұмыс станциясы сөніп қалды немесе қайта жүктелді	Жұмыс станциясын қайта жүктеңіз
Желінің кідіруі	Жұмыс станциясы мен қосымшалар сервері арасында желілік өзара байланыс жоқ	Жұмыс станциясын қайта жүктеңіз. Сервердің қолжетімділігін тексеріңіз